

**ЖЫРАУЛАР МЕН АҚЫНДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ****Жарасбаев Нүркелді Абдурашид ұлы***Өзбек тіл білімі кафедрасының оқытушысы
Шыршық мемлекеттік педагогика университеті*

Аннотация: Қазақтың төл әдебиеті өзінің алғашқы негізін XV ғасырдың орта шенінен бастайды. Осы кезеңнен бастап бізге өзінің батырлығымен әрі ақындығымен даңқ таратқан ақын-жыраулар поэзиясы басталады. Бізге кішігірім толғау-термелермен, арнау жырларымен және сәуегәйлік ақыл-кеңесімен мәлім – Асан қайғы, Сыпыра, Қазтуған, Ақтамберді т.б. жыраулар осы дәуірдің тарлан таланттары.

Кілтті сөздер: жырау, когнитив, концептуал, елдік, ерлік, өмір, заман, ізгілік, ел тарихы, ата-баба дәстүрі, эстетикалық, эмоциональдық, эмотивті тілдік құбылыс.

Аннотация: Казахская оригинальная литература берет свое начало в середине XV века. С этого периода начинается поэзия поэтов-жырауов, прославивших нас своим героизмом и поэтичностью. Нам известны небольшие толғау-термы, преданные жыры и гадательные умы-Асан күй, Сарыа, Казтуган, Ақтамберды и т.д. жырауы – это таланты этой эпохи.

Ключевые слова: жырау, познавательный, концептуальный, страна, героизм, жизнь, время, доброта, история страны, исконные традиции, эстетический, эмоциональный, эмоциональный языковой феномен.

Annotation: Kazakh original literature originates in the middle of the XV century. From this period begins the poetry of the Zhyrau poets, who glorified us with their heroism and poetry. We know small tolgau-therms, devoted zhyrs and fortune-telling minds–Asan kui, Sarya, Kaztugan, Aktamberdy, etc. zhyrauys are the talents of this era.

Keywords: zhyrau, cognitive, conceptual, country, heroism, life, time, kindness, history of the country, primordial traditions, aesthetic, emotional, emotional language phenomenon.

XV-XVI ғасырлардан бастап қазақтың өзіндік төл әдебиетінің іргесі қаланып, әдеби тілі қалыптасты. Осы кезден бастап әдебиет тарихында қазақ авторлары, жеке жыраулары мен ақындарының есімі белгілі болады. Дара ақындық творчество бой көрсете бастады.

Дербес, қазақ атымен аталатын әдебиеттің өмір сүруі - XV ғасырдың орта шенінен басталады. Бұған себепкер болған жай - 1456 жылы Шу бойында қазақ хандығының құрылуы, осының нәтижесінде қазақ халқының аренаға шығуы.

Қазақ халқының құралу дәуірі халқымыздың, санасында, сонымен бірге әдебиетімізде үлкен із қалдырғандығын көреміз. Біздің, заманымызға сол кездегі халық зарын көрсететін «Ноғай-қазақтың айрылуы», «Орманбет хан



өлгенде, он сан ноғай бүлгенде» сияқты күйлер жетті. Қазақстан Республикасының Ғылым академиясының қолжазбалар қорында қазақ халқының, құралу дәуіріндегі белгілі тарихи оқиғалардан көрініс беретін ұзынды-қысқалы өлең, жыр, поэмалар бар.

Адам басындағы қайғыны, зарды, ел ішіндегі ауыртпалықты толғау, әлеуметтік, елдік мәселелерді көтеру, тағы басқа әр түрлі өткен-кеткен көңілсіз күйлерді шерту, болашақты болжап, ақыл айтып, батагөйлік ету, шешендік түйіндер жасап, терең ой қозғау - жыраулардың дәстүрлі ерекшеліктері.

Бірыңғай тарихи тақырыптарды, әлеуметтік-қоғамдық мәселелерді, ерлер мен хандар ісін, елдің жай-күйлерін, қонысын, өткені мен болашағын толғап, осы мәселелер төңірегіндегі өкініштер мен өксіктерге бой ұра, кейде тіпті зарыға жыр толғап отыру-жырауларға тән қасиет.

XIV ғасырдан Сұрғалтайұғлы Сыпыра жыраудың есімі мәлім. Оны Ш.Уәлиханов деректеріне сүйене отырып, профессор Ә.Марғұлан қыпшақ руынан шыққан, ұзақ өмір сүрген, тарихта ноғайлы жырларын туғызған жыршы деп мәлімдейді. Зерттеуші Сыпыра жыраудың аса шешен болғанын және оның көшпелі қыпшақ еліне беделді адам саналғанын атап көрсеткен.

Халық жырларында көп кездесетін екінші ақынның аты - Шеге. Ол кейде ақын, кейде жырау деп аталады. Оның ақындық өнері де халқымызға тән шешендікті, шеберлікті елестетеді. Бұл да тарихта шын болған шабытты ақындардың бірі болуы мүмкін. Бірақ Шегенің дәл қай кезде өмір сүргені бимағлұм. Шегенің атын біз бірінші рет ноғайлының жыры «Қыз Жібектен» ғана естиміз.

Кемеңгер Шоқан «Жиренше шешен, Әз-Жәнібек және ноғайлы философы Асанқайғының адамгершіл нақылдары қазақ арасында күні бүгінге дейін қолданылып келеді» деп көрсеткен болатын. Сондай-ақ:

Түгел сөздің түбі бір,
Сөз атасы Майқы би.

деп данышпан Абай да билер сөзінің маңызын атап көрсетеді. Бұл, әрине, тегін айтылған сөздер емес. Ілкі сөз тудырушылар, өнер иелері осындай шешен адамдар екендігін ескерткендік болса керек.

Бұлардан басқа ертеде өмір сүрген жыраулардан сөзі сақталғандары: XV ғасырда жасаған Асан мен Қазтуған; XVI ғасырда жасаған Шалгез, Бекберген, Доспамбет; XVII ғасырда жасаған Жиенбет пен Мүйтен, Марқасқа жыраулар. Бұлардың шығармалары белгілі бір кезең поэзиясына тән әдебиетті танытады.

Арабтардың, жалаң аяқ, жалаң бас балаларына дейін өзіне қойылған сауалға көркем өлеңмен жауап бере алатыны жайында Арабстанның шөлін кешіп, аптабына күйіп, көшпенділердің шатырында түнеген Европа саяхатшыларының қайсысы болмасын таңырқай баяндайды, біздің қазақтардың да ақындығы осы дәрежеде дейді Шоқан. Бұл - жалғыз Шоқанның ғана аузынан шыққан сөз емес. Қазақтардың ақындығы, сөз өнеріне ерекше



құрметпен қарайтындығы, қазақтың халық әдебиеті үлгілерінің құндылығы жайында орыс әдебиетшілері мен этнографтары тіпті өткен ғасырдың өзінде-ақ ғылыми маңызын күні бүгінге дейін жоймаған көптеген салиқалы пікірлер айтты.

«Рухани жағынан алғанда қазақтар бойына үлкен қабылет дарыған халықтардың қатарына жатады. Олардын, әдебиеті байлығымен де мазмұндылығымен де ерекше көзге түседі», - деп жазады Д. Клеменц. «Қазақтар нақысты сөйлеуді бар өнердің алды деп біледі, сондықтан олардын, поэзиясы дамудың жоғарғы сатысына жеткен», - дейді В. Радлов.

Орыс миссионерлері қазақ поэзиясын өте жоғары бағалайды. «Жасандылық пен жылтырақтықтан ада қазақ өлеңдері өзінің жоғары көркемдігімен, сонымен қатар қарапайымдылығымен, шыншылдығымен бізді таң қалдырады», - деп жазады М. В. Готовицкий. «Пәк, таза қазақ поэзиясы - үлкен творчестволық күштің жемісі», - дейді А. Е. Алекторов.

В. Радлов атап көрсеткендей, қазақ поэзиясының дамуының, қайнар көзі - халықтың, нақысты сөйлеуді бар өнердің алды деп білетіндігінде. «Өлең, жыр - қазақтардың жан серігі. Жай, қарапайым адамдардың өзі суырып салып айтуға бейім тұрады», - дейді П. И. Пашино. «Қазақтар сөз өнеріне жетік келеді. Бұл - жұрттың бәріне: оқыған адамдарға да, әліпті таяқ деп білмейтіндерге де, байға да, жарлыға да тән қасиет», - дейді А. Брем.

Әрине, өлеңді әркім өз шамасына орай шығарады. Және ұйқасы келіп қиыстырылған сөздің, бәрі саф таза поэзия емес. Сондықтан да жыр құмар жұрт ақындық қабілеті күшті адамдарға ғана бас иеді. Оларды ерекше құрметтейді, қадыр тұтады.

«Бір кезде арабтар өз ортасынан шыққан сөз зергерлеріне қандай құрметпен қараған болса, қазақтар да өз ақындарына соншалық қадыр-құрметпен қарайды; орта ғасырларда европалықтар миннезингерлер мен менестрельдерге қаншалық, ілтифат көрсеткен болса, қазақтар да өз ақындарына соншалық ықылас-ілтифат көрсетеді», - деп жазады М. В. Готовицкий.

Әрине, сөз өнеріне мұндай мән берілген жерде ғылым-білімінің төмендігіне қарамастан поэзия дамып, биік асуға жетуі заңды құбылыс.

Ал осы бай, көне поэзияны тудырушылар кімдер? Қазақ сөз өнерінің өкілдері ескіде өздерінің репертуарларына және орындайтын шығармаларының сыр-сыпатына қарай **ақын, жырау, жыршы, өлеңші** деп бөлінген. **Сал, серілерді де** белгілі дәрежеде осы топқа қосуға болады. Бұлардың өзіндік ерекшеліктері жайында әдебиетші ғалымдарымыз біраз пікірлер айтқан. Біз тек ақын мен жыраудың творчестволық тұлғасы және олардың поэзиясындағы өзгешеліктер хақындағы кейбір ойларымызды баяндамақпыз.

Ноғайлының ауыр йұрт

Абдырады, ойланды.

Ойланып кеңес тапмады.



«Аузында отыз тісі босаған,
Сып аяқты, сып бөрікті
Сыпыра сынды сып жырау
Жағын жібекменен тарттырып,
Салтанатқа үлде менен бүлдені арттырып,
Алып келші бері»,— деп еді,
Сып аяқты, сып бөрікті
Сыпыра сынды сып жырау
Алып бір жетіп келгіш-ден,
Еңкейіп үйге кіргіш-ден,
Қол қусырып тұрғыш-дан,
Тұрды дағы толғайды,
Толғайды да сарнайды.

Академик Ә. Марғұлан атап көрсеткендей, бұл жолдар жырау бейнесін және оның қоғамдық ролін біршама дәл бейнелейді. Яғни **жырау өз руластарының ақылшысы, көсемі. Көпті керген көне қалт айтпайды, сондықтан оның сөзі, берген кеңесі жерде қалмайды. Өз сөзінің құдіретін білген жырау жай ақылшы ретінде ғана емес, әмірші ретінде де сөйлейді.**

Жыраудың хан алдында осыншама ықпалды болуы - халық арманынан туған жай аңыз емес; бұған дәлел ретінде арыдағы Шалкиіз, Жиёмбеттерді былай қойғанда, күні кеше өткен Бұқардың өзінің Абылай алдында қандай бедел, құрметпен пайдаланғанын еске түсіру жеткілікті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- Абай «Қалың елім қазағым» Алматы «Атамұра» -2002
Ахметов З. «Абайдың ақындық әлемі», Алматы-1995 ж.
Әлімқұлов Т., «Жұмбақ жан», Алматы- 1978 ж.
Бөжеев М., «Абайдың ақындық айналасы» А-1971 ж.
Кәкішев Т. «Оңаша отау», Алматы – 1982 ж.
Қирабаев С. «Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері», Алматы - 1995ж.
Қабдолов З. «Әдебиет теориясы», Алматы - 2007 ж.
Мырзахметов М., «Абайтану тарихы», Алматы-1994ж.